

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 585 Заңы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат ; N 18, 157-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеу - жылжымайтын мүлікке Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген барлық қолданыстағы құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды), оның ішінде тіркеу жүйесі енгізілгенге дейін туындаған құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) тіркеу жолымен тіркеуші орган белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында өткізетін біржолғы іс-шара.";

2) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеу

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді тіркеуші орган жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуден өтпеген жылжымайтын мүлік объектілерінің құқық иелері туралы деректерді толықтыру  
мақсатында жүргізеді.

2. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеу Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін, жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізудің аумағы мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды."

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК